«БЖЗҚ» АҚ Басқарма Төрағасының
«04» 10 202 3 жылғы №137 бұйрығына
қосымша

**2022 жыл үшін «БЖЗҚ» АҚ бөлімшелері қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша анықталған сыбайлас жемқорлықтың құқықбұзушылықтарын жасауға ықпал ететін талаптар мен себептерді жою бойынша іс-шаралар жоспары (№3 сараптамалық анықтамасы)**

| № п/п | Ұсыным | Іс-шара | Іс-шараны аяқтау нысаны | Орындаушы | Іс-шараны орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Басқарманың 24.10.2019 жылғы № 70 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ қаржылық (инвестициялық) тәуекелдерді басқару қағидасынан қызмет үдерісінде тиісті басшылардың өкілеттігін ықтималды түрде екітүрлі түсінуге әкелуі мүмкін дискрециялық нормаларды алып тастау. | Ішкі нормативтік құжаттарға өзгерістер / толықтырулар әзірлеу және уәкілетті органның карауына шығару | Қызметтік жазба | Тәуекел менеджмент департаменті | 2023 жылғы 31 желтоқсаннан кеш емес |
| 2 | Келесі ішкі нормативтік құжаттардан қызмет үдерісінде тиісті басшылардың өкілеттігін ықтималды түрде екітүрлі түсінуге әкелуі мүмкін дискрециялық нормаларды алып тастау:<br>1) Басқарманың 27.07.2018 жылғы №57 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да тәжірибе мен тағылымдама ұйымдастыру мен жүргізу қағидасы;<br>2) Басқарманың 18.04.2018 жылғы №30 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ кадрлық резервті қалыптастыру бойынша қағида; | Ішкі нормативтік құжаттарға өзгерістер / толықтырулар әзірлеу және уәкілетті органның қарауына шығару | Қызметтік жазба | Қызметкерлерді басқару департаменті | 2024 жылғы 29 наурыздан кеш емес |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3) Басқарманың 28.12.2018 жылғы № 98 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Кадрлық мәселелер бойынша комиссия туралы ереже;<br>4) Басқарманың 28.09.2018 жылғы № 73 хаттамамен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ қызметкерді қабылдау мен бейімдеу қағидасы; | | | | |
| 3 | Филиалдарды, бөлімшелерді, қызмет көрсету орталықтарын және қашықтағы жұмыс орындарын (бұдан әрі - ҚЖО) жабу кезінде шарттарды жасасуға және жүргізуге жауапты бюджеттік орталықтар шарттарды уақытында өзгертпеген/тоқтатпаған жағдайда, жалғасып жатқан шарттар (байланыс, қызмет көрсету және т.б.) бойынша Қордың негізсіз шығыстар тәуекелінің алдын алу мақсатында Өңірлік даму департаментіне «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 23.07.2021 жылғы №48 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ филиалдарын/бөлімшелерін/қызмет көрсету орталықтарын ашу, жабу, орналасқан жерін ауыстыру және қашықтағы жұмыс орындарын ұйымдастыру тәртібі туралы нұсқаулықта мына нормаларды көздеу ұсынылады:<br>- филиалдарды, бөлімшелерді, қызмет көрсету орталықтарын және ҚЖО жабу кезіндегі іс-шаралар жоспары оларға бекітілген сметалық тағайындаулар бойынша шарттарды өзгертуді/тоқтатуды қоса алғанда, олардың құзыретіне сәйкес іс-шараларды орындау қажеттілігі тұрғысынан барлық дербес бөлімшелермен және тартылған филиал басшысымен келісіледі;<br>- Қордың негізсіз шығыстарының алдын алу мақсатында шарттардың уақытында өзгеруіне/тоқтатылуына тиісті бюджет орталықтары жауапты болады. | Ішкі нормативтік құжаттарға өзгерістер / толықтырулар әзірлеу және уәкілетті органның қарауына шығару | Қызметтік жазба | Өңірлік даму департаменті | 2023 жылғы 31 желтоқсаннан кеш емес |